

ЕСЕП

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы (КеАҚ-ы) жанындағы 8D011 Педагогика және психология (6D010300–Педагогика және психология мамандығы); 8D013 Пәндік мамандырылмаған мұғалімдерді даярлау (6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы) бағыттары бойынша біріккен диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-ы жанындағы Диссертациялық кеңестің **1 (бір)** мәжілісі өтті.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) - жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Тойбекова Багдат Абдуллаевна - Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

4. Есепті жылы кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Тойбекова Багдат Абдуллаевна

Диссертация тақырыбы: Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру

Мамандық: 8D011 (6D010300)-Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері: Д.З.Торыбаева, п.ғ.д., Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры;

Мехмет Гүвен (Mehmet Güven), доктор, Гази университетінің профессоры (Анкара қ., Түркия Республикасы)

Диссертация 07.12.2020ж. күні оффлайн және онлайн форматында ZOOM платформасы арқылы қорғалды. Қорғау тілі – қазақша.

Қазіргі кезеңде білім берудің мақсаты тек қарапайым білім, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, ақпаратты өздігінен табу, талдау мен ұтымды пайдалану, жылдам өзгермелі әлемде лайықты өмір сүру үшін жастарды қаруландыратын түйіндік құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Заман талабына сәйкес бүгінгі таңда әр адамға қажетті бес базалық құзыреттердің қатарында бірнеше тілді меңгеруді талап ететін ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай білу қабілетін қамту қарастырылған. Бұл дегеніміз полилингвалды тұлға қалыптастыру міндетін алға тартады. Полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға деген қажеттілік Қазақстан Республикалық Үкімет деңгейінде қабылданған нормативтік құжаттарында айқын белгіленген. Атап айтсақ, «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасында, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар

тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарымқатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсетілген; және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясында үштілділікті дамыту Елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты екендігі жайлы айтылған. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселесі педагогика ғылымының бүгінгі қажеттіліктерінің бірі екені айқын. Зерттеу тақырыбын таңдаудың өзектілігі, сондай-ақ бар қарама-қайшылықтармен анықталады, яғни:

- білім беру ұйымдарының түлектерін полилингвалды қарым-қатынасқа дайындау қажеттілігі және мектептің оқу-тәрбие үдерісінің осы талаптарға сай еместігі;

- оқушыларды полилингвалды тұлға ретінде қалыптастыруда коммуникативтік іс-әрекеттің мәні мен мазмұнын және құрылымын теориялық негіздеу қажеттілігі;

- полилингвалды білім беру тәжірибесінде жинақталған жетістіктер мен кемшіліктердің анықталмауы және олардың жалпы білім беретін орта мектеп тәжірибесінде ескерілмеуі;

- бұл мәселені мектептегі оқу-тәрбие жұмыстар арқылы жүзеге асыру қажеттілігі мен арнайы теориялық және әдістемелік зерттеулердің жеткіліксіздігі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:

- зерттеудің теориялық негізі тұрғысынан «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні нақтыланды және оқушының полилингвалды тұлғасына сипаттама берілді;

- жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды;

- оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың мазмұндық - құрылымдық моделі жасалынды және ол теориялық тұрғыдан дәлелденді;

- жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді және дәлелденді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы төмендегідей: автор жасалған және тәжірибеден өткен 8-9 сынып оқушыларына арналған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы мен сөйлеу тапсырмалар жүйесі, сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер және олардың негізінде тұжырымдалған педагогикалық ұсыныстар, «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты оқу құралы, жалпы білім беретін орта мектепте және ЖОО-да болашақ мұғалімдерді даярлауда, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау мекемелері тәжірибесінде қолданылуы мүмкін.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Рецензент болуына педагогика мен психология саласына үлес қосқан ғалымдар мақұлданған, Барлық рецензенттер докторлық жұмыстарға жоғары кәсіби тұрғыдан сараптама жасады.

Диссертация рецензенттері туралы ақпарат:

Б.А. Тойбекованың диссертациясына:

- Юнусова Муновар Садыковна - педагогика ғылымдарының докторы, «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» КеАҚ-ның «Теориялық және қолданбалы тілтану» кафедрасының доценті, мамандығы 13.00.01. - Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика

2) Исабекова Гулнур Болатбековна – PhD докторы, «М.Х.Дулати атындағы Тараз аймақтық университеті» КеАҚ-ның Халықаралық байланыстар орталығының басшысы, «Әлем тілдері» кафедрасының доценті м.а., мамандығы 6D010300 – Педагогика және психология

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін болашақ PhD докторлар арасында зерттеушінің әдіснамалық мәдениетін көтеру жөніндегі жұмысты күшейту керек, осы мақсатта диссертациялық кеңес мүшелерінің қатысуымен докторанттар үшін университет аралық әдіснамалық семинарлар ұйымдастыру қажет.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелеріне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялары туралы деректер:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарынан) - **1**

2) қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жок

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жок

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – жок.

Диссертациялық кеңестің төрайымы _____ Майгельдиева Ш.М.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____ Сапарқызы Ж.

« 23 » _____ 12 _____ 2020 жжыл

